

"Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сату ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделенетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 31 наурыздағы № 42 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 605 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 5 қаңтарда № 6721 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.09.25 № 439 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сату ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделенетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті Төрағасының 2001 жылғы 31 наурыздағы № 42 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1496 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сату ережесінде:

преамбуласында «мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін, этил спиртін сақтау және сату, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау және көтерме сату, сондай-ақ алкоголь өнімінің (сырадан басқа) бөлшек саудасын лицензиялау Ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 27 тамыздағы № 1258 қаулысын» деген сөздер мен сандар алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев